

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 желтоқсандағы N 1305 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 ақпандағы N 155 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссиядағы Қазақстан Республикасы Үкіметі өкілдерінің құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 желтоқсандағы N 1305 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 48, 437-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

### 1 - т а р м а қ т а :

Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссиядағы Қазақстан Республикасы Үкіметі өкілдерінің құрамына мыналар енгізілсін:

|                     |                                        |
|---------------------|----------------------------------------|
| Мусин               | - Қазақстан Республикасы Премьер-      |
| Аслан Есболайұлы    | Министрінің орынбасары - Экономика     |
|                     | және бюджеттік жоспарлау министрі,     |
| төраға              |                                        |
| Супрун              | - Қазақстан Республикасының Экономика  |
| Виктор Васильевич   | және бюджеттік жоспарлау               |
| вице-министрі       |                                        |
| Сәтқалиев           | - Қазақстан Республикасының Энергетика |
| Алмасадам Майданұлы | және минералдық ресурстар              |
| вице-министрі       |                                        |

көрсетілген құрамнан Мәсімов Кәрім Қажымқанұлы, Оразбаев Бірлік Есіркепұлы, Палымбетов Болат Әбілқасымұлы шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*